

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ



«БІЛІМДІ БАҒАЛАУДЫҢ
ҚҰЗЫРЕТТІ-БАҒДАРЛЫ ЖҮЙЕСІ»

44-ші ғылыми-әдістемелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

17-18 қаңтар 2014 жыл

1-кітап

МАТЕРИАЛЫ

44-ой научно-методической конференции

«КОМПЕТЕНТНОСТНО-ОРИЕНТИРОВАННАЯ СИСТЕМА
ОЦЕНКИ ЗНАНИЙ»

17-18 января 2014 года

Книга 1

Алматы
«Қазак университеті»
2014

- Қойжаырова Г.З. Оқытудың тиімді әдіс - тәсілдерін пайдалану арқылы оқушылардың білім деңгейін дамыту және қызығушылығын арттыру.....
- 19 Құрманалиева А.Д. Дінтану мамандарын даярлаудағы маңызы.....
- 22 Мамырбекова Г.А. Актуальные проблемы проведения многоуровневом университете.....
- 25 Мамытқанов Д.Қ. Жоғары оқу орындарында түлектердің коммуникативтік қабілеттерінің қалыптастырудың маңыздылығы.....
- 28 Мұхатаева Д.И. Формирование эмоциональной устойчивости как фактор устойчивости будущих педагогов.....
- 30 Нуптекеева Б. Б. Жеке тұлғаны тәрбиелеудегі өзін- өзі бағалауының педагогикалық-психологиялық ерекшеліктері.....
- 234 Рақымбай Т.О. Оқушы қабілетінің оқу- тәрбие процесіндегі құрылымдық және қарым-қатынаста көрінуі.....
- 36 Рысбекова Г. Е. Студенттердің интеллектуалдылық тұлғасын мамандықтың ролі.....
- 38 Садвақасова З.М., Мадалиева З.Б. Инновационные техники в деятельности психолога как фактор определяющий качество образования.....
- 41 Саитова Н.А. Роль педагогической практики в формировании компетенции специалиста-политолога.....
- 44 Сатыбалдина Н.К. Формирование здоровьесберегающей компетенции в процессе образования.....
- 47 Сатыбалдина Н.К., Кунанбаева М.Н. Психологические особенности конкурентоспособности современной студенческой молодежи КазНУ.....
- 48 Таубаева Ш. Педагогика мен психология саласында зерттеуші даярлау мәселелері.....
- 51 Шеденова Н.У., Абдикерова Г.О., Омарова А.Т. Әлеуметтануды оқытудағы мәселелі-бағытталған әдістің дамуы.....
- 54 Шнарбекова М.К. Оқу үрдісінің технологиялары білім алушылардың құзыреттіліктерінің қалыптастырудың негізі ретінде.....
- 57 Момынова Б.Қ. Филология мамандығы бойынша білім стандарттарын жетілдірудегі байланысты ойлар.....

ПЕДАГОГИКА МЕН ПСИХОЛОГИЯ САЛАСЫНДА ЗЕРТТЕУШІ ДАЯРЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Психологиялық және педагогикалық зерттеу жалпы әдіснамалық ұстанымдар негізінде құрылады. Әдіснамалық ұстанымдарды және баланың психикасының ерекшеліктерінен туындайтын нақты мақсаттарды басшылыққа ала отырып, психологиялық зерттеудің стратегиясы, жалпы барысы анықталады. Психологиялық және педагогикалық зерттеу логикасы әдіснамалық ұстанымдарға негізделеді. Олар: детерменизм ұстанымы, ақиқаттылық ұстанымы, даму ұстанымы. Осы аталған ұстанымдар педагогикалық және психологиялық зерттеулерде нақты ескерілмегендіктен ізденіс нәтижелері практикада қолданылуы күмәнді болып қалуы әбден мүмкін.

Психологияда да, педагогикада да зерттеудің табыстылығы оның әдіснамалық аппаратының дамуымен анықталады, сондықтан да психологиядағы әдістер жасалымы зерттеушілердің үнемі назарында. Нақты әдістер жасалымы ғылымның теориялық қағидаларынан шыға отырып, әдіснамалық ұстанымдарға негізделеді. Кез келген әдіс белгілі бір теорияның нәтижесін көрсетеді де, зерттеудің нысанасын, алынған нәтижелерді түсіндіру тәсілдерін анықтайды.

Ғылыми жұмыс жазушылардың психологиялық және педагогикалық теорияларды зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізінде көрсеткенмен зерттеу барысында ол теорияны не үшін және қалай қолданғаны көмескілеу болып қалады. Зерттеу көздерінде олар психологтардың еңбектерін де көрсетеді, тіпті пайдаланылған әдебиеттер тізімінде Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев, Б.Г.Ананьевті келтіреді, ал бірақ бұл ғалымдар психологиядағы қандай теорияны жасауға қатысуына байланысты алғанын дәлелдеп бере алмайды. *Педагогикалық зерттеудің* көпшілігінде психология ғылымының зерттеу әдістері қолданылады деген мәлімет келтіріледі, сондай-ақ зерттеу әдістері педагогика мен психологияда бірдей аталғанмен, қолданылу аясы және мүмкіндігі әртүрлі. Педагогикалық зерттеуде әдістің әлеуеті толық ашылмай қалатын жәйіттер жиі кездеседі. Кейде тіпті зерттеудің ғылыми аппаратында тұрғанмен, зерттеудің өзінде қолданылмаған. Психологиялық зерттеулерде әдісті қолданудың нәтижесінен алынатын нәтижелер сандық және сапалық жағынан толық сипатталады, ал соны педагогикада да іске асырған жөн. Айталық, көрнекті ағартушы-ғалым Ж. Аймауытов «Психология» атты еңбегінде «Адамның қылығын қалай зерттеу керек?» деген сұраққа ол «адамның қылығын бақылау керек, олармен сұрау өткізу қажет, зерттеуде әрбір шын білім есепті қолданбай тұра алмайды» дей келіп, психологиялық зерттеудегі математиканың орнын нақтылай түседі [1. 49].

Жыл сайын өтіп жатқан халықаралық, республикалық ғылыми-практикалық конференциялардың жинақтарында педагогикалық мәселенің психологиялық негіздеріне арналған мақалалар 10-20 пайызды құрайды.

Көптеген зерттеушілер психологиядағы теориялардың мазмұнын жазып кою жеткілікті деп те есептейді. Психолог ғалымдарды шетелден шақырып, белгілі отандық психология теориясын технологияландырып, түрлі патент, куәлік алалып риза болып тарқаймыз. Тіпті психологтар мен педагогтар бірін бірі мойындамайтын қалып көрсету де байқалады. Шындығында педагогика мен психология – егіз, бірінсіз бірі толыққанды зерттеуі мүмкін емес.

Психология мен педагогикадағы зерттеудің сапасы зерттеу әдістерінің даму деңгейіне, яғни психологиялық және педагогикалық фактілер қалай табылғанына тікелей байланысты. Демек, бұл екі ғылымда да фактілерді негіздеу ғылыми ізденістің өзегі болып табылmaq. Психологиялық факт дегеніміз не? Ол: а) психиканың түрлі қырларының ерекшеліктерін бейнелетін баланың мінез-құлқының белгілі бір көріністері; б) топтың бірлескен әрекеті, жалпы көңіл-күй ахуалы, балалар арасындағы қарым-қатынастар.

Зерттеу әдістерінің жалпы мақсаты теориялық талдау жасау үшін психологиялық фактілерді нақты тіркеу. Психологиялық түсіндірімдер түрлі деңгейлі, көпсатылы болып келеді, әр саты жеке мәнге ие, әрі бірін-бірі айырбастай алмайды. Әрбір психологиялық феномен түсіндірімнің түрлі деңгейлерінде қарастырылады:

1- феноменологиялық, субъектінің санасындағы көрініс тапқан бейне, сезім, түрткі, мақсат және т.б.;

2- физикалық, субъектінің организміндегі физиологиялық үдеріске байланыстылар;

3- биологиялық, даму нәтижесіндегі белгілі бір қайтарымдар;

4- әлеуметтік, яғни субъектіге әлеуметтік қоршаған ортаның әсерінің нәтижелері.

Зерттеу нәтижелері әрбір деңгейде түсіндірілуді қажет етеді.